

# Павлодарлық Кеңестер Одағы Батырлары

Отарса

Ұлы Отан соғысы аяқталғалы ондаған жылдар өтіп, тұтас ұрпақ ауысқанымен, біздің еліміздің осы соғыста көрсеткен жанқиярлық ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Кеңес жауынгерлерінің ерлігі туралы сөз қозғағанда, Ұлы Жеңіске павлодарлықтардың да ұшан-теңіз үлес қосқанын жадымыздан шығармауымыз қажет.

Дұшпанның пулемет ұясының үнін кеудесін төсеп өшірген Александр Матросовтың ерлігін соғыста үшінші болып павлодарлық Иван Бабин қайталады. Железинка селосында туған кіші сержант Иван Васильевич Бабин осы ерлігімен әскери операцияның сәтті болуына жол ашты. Бұл жөнінде әскери рапортта: «Ол дұшпан блиндажына еңбектеп барды да, орнынан атып тұрып, «Отан үшін алға, жолдастар!» деп ұрандап, дзоттың аузын кеудесімен бүркеп құлай кетті» деп жазылған.

Қолбасшылықтың әскери тапсырмасын үлгілі орындағаны және ерлік көрсеткені үшін соғыс басталғанына бір ай толғанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен танк әскерлерінің генерал-майоры Кузьма Александрович Семенович Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол мұндай жоғары атақты алған алғашқы павлодарлық еді. Кузьма Александрович 1965 жылы қайтыс болды. Өйтсе де оның есімі мәңгі ел есінде. Павлодар қаласының бір көшесі оның есімімен аталған.

Успенкалық Максим Иванович Милевский шайқасқа Сталинград түбінде кірді. Ол өзінің саперлерімен Сталинградты қорғау күндері дұшпанның алғы шебіндегі таналарды залалсыздандырды. Осы қауіпті тапсырманы орындау кезінде көптеген жауынгерлер қаза тауып және жарақаттанды. Дегенмен олар фашистердің елеулі әскери техникасы мен жауынгерлерін жойды. Осындай ерлігі үшін М.И.Милевский өңіріне «Алтын жұлдызды» қадады.

Ертіс ауданындағы Грабов селосының тумасы И.А.Скляров Сталинград шайқасы күндері әскери ұшағымен аспанға 87 рет көтеріліп, жауға 42 тонна бомба тастап, 47 мың оқты боратты. Оның бұл соққысынан жау 50 автомашинасы мен броневигін, бірнеше ұшағын, 400-ден астам жауынгері мен офицерін жоғалтты. Сталинград түбіндегі шайқастардағы ерлігі үшін ол батыр атанды. Соғыстың аяғына дейін Иван Андреевич аспанға тағы да 296 рет көтеріліп, жауға ойран салды.

Днепр өзенінен өту ұрыстарында Ақтоғай ауданының тумасы зеңбірек командирі Серікбай Мүткенов те ерлік көрсетті. Фашистер біздің ержүрек жауынгерлерді өзеннің жау жақ бетіндегі бекінген орнынан ығыстырмақшы болды. Жауынгерлер бірінен соң бірі дұшпан оғынан құлап жатты. Зеңбіректе Мүткенов жалғыз қалғанымен ерлік көрсетіп, жаудың 40 шақты солдатты мен офицерлерін құртты. Сөйтіп, батальонының әскери тапсырманы орындауына мүмкіндік туғызды. Алайда оның өзі осы шайқаста снаряд жарықшағынан қаза тапты.

Днепрден өту кезінде **Михайл Максимович Катаев** та ерлік көрсетті. Салға мінген ол борап тұрған жау оғы астында өзеннің арғы бетіне өтуге бел

байлады. Дұшпан оғы деп тиіп сал суға батқанда да ержүрек жауынгердің жүрегі шайлықпады. Ол серіктерін соңына ертіп өзеннің арғы бетіне жүзіп өтті. Осылайша Катаев өзеннен өту міндетін қамтамасыз етті. Оған 1944 жылдың 15 қаңтарында Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Өкінішке қарай, Белорусь қаласы Мозырьді азат ету шайқасында ол ерлікпен қаза тапты.

1944 жылдың сәуірінде 429-атқыштар полкінің 1-батальоны Молдованың Терасполь ауданындағы Вычек селосының маңында Днестрден шайқаспен өтті. Арғы жағалауға бірінші болып Ақсу ауданындағы Жолқұдық ауылының тумасы лейтенант **Қанаш Қамзинның** ротасы жетті. Шағын ғана пластдармға бекінген лейтенант өз жауынгерлерін шабуылға бастап, дұшпан дотын жойып, Гуря-Букулай селосына кірді. Тұтқиылдан дұшпан бекінген биіктікті басып алып, оны біздің негізгі күштер келгенше ұстап тұрды. Осы шайқаста жаудың 20 солдатты мен офицерін оққа ұшырған Қанаш Қамзин ауыр жараланып, қаза тапты. Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзиннің есімін павлодарлықтар ардақ тұтады.



Табанды өрі батыл жауынгер **А.Н.Ельгинге** 611-атқыштар полкінің басшылығы полктің әскери туын сеніп тапсырды. 1944 жылдың 4 қарашасында Шығыс Пруссияда болған шайқастардың бірінде әскери туды беліне орап алған ол аз ғана жауынгермен жаудың отты қоршауын жарып шығуға ұмтылды. Олардың жолын дұшпанның пулеметі кесті. Сол уақытта аға сержант Ельгин батыл қимылдап оның үнін өшіргенімен өзі де ауыр жараланды. Соған қарамастан ол соңғы деміне дейін шайқасып, әскери бөлімнің туын сақтап қалып қаза тапты. 3-Белорусь майданының қолбасшысы Кеңес Одағының маршалы Василевскийдің 1945 жылдың 20 наурызындағы ұсынысымен аға сержант **Андрей Николаевич Ельгинге** Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Литваның Шауляй қаласының батысында дұшпан қуатты соққымен біздің шегімізді бұзып өтіп, қалаға ұмтылды. Сөбебі фашистер Курляндиядағы 400 мың әскерінің қоршауға түсуінен қауіптенген еді. Ауыр шайқастар күндіз-түні жүрді. Павлодарлық **Махмет Қайырбаев** зеңбірек батареясын басқаратын. Оның ерлігі жайлы әскери рапортта: «Аға лейтенант Қайырбаев зеңбіректі біліктілікпен жылжыта отырып, дұшпанның жойқын шабуылының бетін қайтара білді. Жаудың жекелеген топтары шепке таяп келгенде оларды автомат пен мылтықтардан оқ боратып қарсы алып, қолма-қол ұрысты да ұйымдастыра білді. Ұрыстың ауыр тұстарында болып, жауынгерлерді ерлікке көтерді. Сөйтіп, бір күннің ішінде



дұшпанның 12 қарсы шабуылын тойтарып, 170 солдатты мен офицерін жойды. Қайырбаевтың жеке өзі 20 фашисті жер жастандырды» делінген. Осы ерлігі үшін **Махмет Қайырбаевқа** Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Оның батареясындағы 76 миллиметрлік зеңбіректің бірі қазір Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайында тұр. Осы зеңбіректен даңқты зеңбірекшілер Белорусия, Латвия, Литва жерінде болған шайқастарда дұшпанның 10 танкін, 14 пулеметі мен 2 автомашинасын жойып, 8 дзотты мен 3 бақылау пунктін қиратты.

Кеңес Армиясы алға тоқтаусыз жылжып, соғыс Гитлерлік Германияның астанасы Берлин шебіне жетті. Берлиннің маңындағы қалалардың бірі Шпандауға **Иван Илларрионович Кривенконың** танк экипажы алғашқылардың бірі болып енді. Ол Ақсу ауданындағы Марковка селосында туған. Танк экипажы дұшпан гарнизонының құтын қашырып, 40-тан астам автомашина мен 10 зеңбіректі шынжыр табанында тапты. Сөйтіп, Берлинге шабуыл жасайтын түні неміс танкілерінің Шпандаудан шығар жолын кесті.

Гитлерлік мемлекеттің соңғы тірегі Рейхстагты алу Кеңес Армиясы жеңісінің шырқау шегі болды. Рейхстаг төңірегіндегі кварталдарды дұшпаннан тазарту ұрыстары 2 күн бойы жүрді. Осы шайқастарда Ақсу ауданының Парамоновка ауылының тұрғыны **Николай Анфимович Берников** көзге түсті. Рейхстаг түбіндегі шабуылдаушыларды отпен қолдаған оның зеңбіректік расчеты дұшпанның 30 шақты оқ ату нүктелерін жойып, жаудың қарсылығын жанышты. Осы ерлігі үшін **Н.А.Берниковке** Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Неміс басқыншыларын талқандау ісіне облыстағы халыққа білім беру бөлімінің бұрынғы инспекторы **Қасым Қайсенов** айтарлықтай үлес қосты. Ол партизан отрядтарын ұйымдастырушылар қатарында болып, Украинадағы сол отрядтардың бірін басқарды. Партизан қозғалысының әйгілі басшысы, Кеңес Одағының екі мәрте батыры **С.А.Ковпактың** тапсырмасы бойынша **Қасым Қайсенов** өз отрядымен бірқатар маңызды операцияларды жүзеге асырды. 1959 жылы бұрынғы Украин партизандары достық белгісі ретінде **Қасым Қайсеновке** «Партизан отрядының командирі Қасымға Украина партизандарынан» деген жазуы бар қынапты қылыш сыйлады.

Ұлы Отан соғысы жылдары павлодарлық жауынгерлер Отанымыздың бостандығы үшін Москва, Сталинград, Ленинград түбінде, Курск иінінде шайқасып, Польшаны, Румынияны, Чехословакияны, Болгарияны, Венгрияны басқыншылардан азат етіп, Берлинді шабуылдады. Соғыстағы ерлігі үшін 21 павлодарлыққа Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Оның 7-уі соғыста қаза тапса, тірі қалғандары бертін қайтыс болды.

**Б.Мүсетіров, соғысқа қатысушы**

